

УДК 34.347

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҮСІНІГІНДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Зайнелов Бауыржан Қуатбекұлы

muxametnur@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
заң факультетінің 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Н.Д. Мырзатаев

Білім берудің жалпы анықтамасы - тұлғаның өмір жолында өзін-өзі дамытуға, мүмкіншілігін жете білуге бағытталған кең таңдау процессі (А.Г. Асмолов).

Демек білім беру адамның дүниені тану процессін қалыптастыру арқылы жүйелі біліммен іс-әрекет тәсілдерін игеру, дағды, іскерлік, сезім және ақылын дамыту жеке тұлғаны қалыптастыру нәтижесі.

Білімді адам деп — қабілеті өте жоғары дамыған көп жағдайларды түсінетін кей кезде оқығанын қолдана білетін білімді дұрыс ойлай алатын жоғарғы қасиетті адам. Көріп отырғанымыздай білім беру ұғымы тек қана оқытудың нәтижесі білім, іскерлік және дағды ғана емес, сын көзбен қарап ойлай білетін айналадағы құбылыстарды адамгершілік тұрғысынан бағалай білетін адамның өзіне деген қарым-қатынас іс-әрекетін шексіз өрістету.

Бұған адамды іс-әрекеттің маңызды түріне кірістіру жолымен қол жеткізуге болады. Осыдан барып білім беру ұғымының астары ұйымдастырылған нормаланған процесс (және оның нәтижесі). Өткен ұрпақтың әлеуметтік мәнді тәжірибесін келесі ұрпаққа үнемі беріп отыру және жеке тұлғаны әлеуметтендіру және генетикалық бағдарламаға сәйкес тұлғаның қалыптасуы. Сонымен білім беру мазмұны жеке тұлғаны дамыту және базалық мәдениетін қалыптастыруда негізгі құрал болып табылады. Дәстүрлі педагогикада көбінесе мектептің білім беру қызметін бағдарлы жүзеге асырумен білім беру мазмұнын анықтау, білім беруді жүйелеу, іскерлік, дағды, көзін жеткізу.

Сондай-ақ танымдық күшін дамыту және тәжірибеге дайындау, оқу-тәрбие жұмысының нәтижесінің жеткен жетістігі. Бұл бағдарлы білім беру тұрғысы мазмұнның мәнін анықтайды. Мұндай жағдайда білім — тарихи тәжірибені іздестіру процесінде жинақталған адамзаттың рухани байлығының көрінісі жеке тұлғаны әлеуметтендіруге мүмкіншілік туғызу адамның социумға енуі.

Ғалымдардың айтуынша білім бағдарлы тұрғысы білім беру мазмұны үшін құнды болып табылады. Бағдарлы білім беру мазмұны тәртіп белгілеу, идеологияландыру білімнің ғылыми ядросын академизмдеуге алып келеді. Білім берудің мазмұны мен мәнін ашуда соңғы он жылдықта білім беруді ізгілендіру идеясын жүзеге асыру барысында тұлғалық бағдар бірінші орынға қойылды. Білім мазмұны туралы И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, В.С. Леднева, Б.М. Бим-Бад, А.В. Петровский еңбектерінде баяндалған. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы мен қалыптасуын И.Я. Лернер мен М.Н. Скаткин білім мазмұнының теориялы тұрғыда білім, іскерлік, дағды жүйесін түсіндіруде шығармашылық іс-әрекетпен ерікті сезім тәжірибесін меңгеруді және қоғамның мәдени-рухани материалдық байлығын дамытып және оны

сақтауды ұсынды. Бірқатар елдің педагогтары (АҚШ, Англия, Франция т.б.) жеке тұлғаға «жалпы адамзаттық тәрбие» беруде, табиғи құбылыстарды және қоғам өміріндегі жағдайларды олардың өзара байланысын түсіндіруде оқушылардың жұмысын ұйымдастыруда оқу пәндерін кіріктіруді негізге алып отыр

Бұл кіріктіру идеясы басқа әртүрлі елдерде жүзеге асырылған. Совет мектебі ұзақ уақыт бойына оқушылардың жалпы білім беретін дайындығын көтеру міндетін шешуде он жетістіктерге жеткен.

Ғылым мен техниканың мәдениеттің даму деңгейіне сәйкес білім мазмұнын анықтауда жастарға жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді қамтамасыз ету оқу жоспарын, оқу бағдарламасын және оқулықтардың жетілдіруі жүргізіледі.

Білім беру мазмұнында жаңаруы мектептің күрделі міндетімен байланысты, негізгі кемшілігі сол білім мазмұнының жиі өзгеруі эмпирикалық деңгейде қайта құру теориялық негізсіз, ешбір болжаусыз жүзеге асылуы. Жалпыға бірдей орта білім беру мазмұны қазіргі теориялық тұжырымдама тұрғысынан қоғам талабы, адам нені білу керек, қандай сапалық қасиеттерді меңгеруі тиіс екендігі айтылған. Нақты тарихи, қоғамдық-экономикалық жағдайда жасөспірімдерді дайындауға қойылатын әлеуметтік талап анықталады.

Қазіргі жағдайда қоғамның әлеуметтік тапсырысы, оның жалпылама түрде халықтың көпшілігі ғылым жетістіктерімен, мәдени құндылықтармен, сапалы жоғары білімді адамдардың ақыл-ой дене еңбегі жағынан қоғам өміріне белсене араласатын жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру. Білім беру мазмұнын оқыту арқылы игерілген тәжірибені әріқарай дамытып әлеуметтік мәдени мазмұны ересек ұрпақтың тәжірибесін келесі ұрпаққа беруді қамтамасыз ету. Ю.К. Бабанский ғылым мазмұны негіздерін совет педагогикасында төмендегі өлшемдер бойынша таңдады:

1) Ғылым туралы толық мағлұмат беру үшін білім мазмұнының негізгі теориялары, заңдары және ұғымдарын тұтас түсіндіру, өлшемі.

2) Білім беру мазмұны материалының жоғары ғылыми және тәжірибелік мәнін мектептегі оқылатын, өздігінен білімін көтеретін материалдарды әрбір пәнге және оқу пәндер жүйесін енгізу.

3) Білім мазмұнының күрделілігі оқушылардың жас ерекшелігімен оқу мүмкіншілігіне сай болуын қарастыру өлшемі.

4) Әрбір пәнді оқытуға берілген мерзімі білім мазмұнының көлемімен сәйкес болуы.

5) Жалпыға бірдей орта білім беру мазмұнын құруда дүниежүзілік тәжірибені ескеру.

6) Қазіргі кездегі мектептің оқу-әдістемелік және материалдық базасымен білім мазмұнының сәйкес болуы.

Кең тұрғыда білім беру дегеніміз — бұл тұлғаның қалыптасуы, оның әлеуметтенуі және адамды қоғам өміріне дайындау. Білім қоғамның негізгі функциясы ретінде адам мен қоғамға байланысты мәдени, әлеуметтік, экономикалық, азаматтық және этикалық қызметтерді атқарады. Ол әрбір адам үшін, сонымен бірге әрбір қоғам үшін қажетті саланың бірі екендігін және де қоғамның кез келген саласы, оның ішінде экономика, әлеуметтік т.б. салалар мемлекеттің білім жүйесіне тәуелді. Білім жүйесінде ғасырлар бойы қалыптасқан нормаларды, тәжірибелерді, «ноу-хауларды» ұрпақтан ұрпаққа бере отырып, сонымен қатар жаңа да өзгерістерді қоғам талап етеді. Білім қоғамды алға қарай итермелейтін белгілі бір потенциалды қалыптастырады. Білім халықтардың өркениетті ерекшелігін тасымалдаушы және тарихи тұрақтылықты қамтамасыз етуші жүйе болып табылады.

Білім жүйесі қоғамның әлеуметтік құрылымына, қоғамдық қатынастарына, еңбек өнімділігіне, өндіріске және басқа іс-қызметтің тиімділігіне әсерін, жеке адамды тұлғаға айналдырудағы интеллектуалды, білім процесінің ролін, адамның табиғат және қоғам туралы білімді, озық тәжірибені игеріп, бойына сіңіріп, оның үйлесімді дамуын, білім деңгейінің қызметке, жұмысқа тәртіпке әсерін, адамдардың ғылыми көзқарасының қалыптасуын, адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайының өзгеруін т.б. талдап көрсетеді.

Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында көрсетілгендей, білім — адамның негізгі құқығының бірі және ол көптеген елдердің конституциясында анықталып, кепілдік берілген [1].

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Ендігі кезекте Білім беру жүйесінің ұғымына тоқтала кететін болсақ «Білім туралы» заңның 10-бабында айқындалып өткендей

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі өзара іс-қимыл жасайтын:

- 1) білім беру деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және білім беру бағдарламаларының;
- 2) үлгілері мен түрлеріне қарамастан, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының;
- 3) білім беруді басқару органдары мен тиісті инфрақұрылымдардың, оның ішінде білім беру мониторингін жүзеге асыратын оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарының;
- 4) білім беру қызметінің субъектілері бірлестіктерінің жиынтығын білдіреді.

Осы баптың тармақтарына жеке тоқталып өтетін болсақ 1-тармақша білім беру стандарттары және білім беру бағдарламалары туралы айтылып өткен болатын, білім беру стандарттары дегеніміз білім берудің базалық мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне, білім алушының даярлық деңгейі мен сапасына қойылатын талаптарды белгілейді; білім беру салалары бойынша білім, іскерлік және дағдыларды, түйінді құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелерді нақтылайды; білім алушының табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді. Бұл стандарттар «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығында айқындалып көрсетілген. Білім беру бағдарламасы дегеніміз – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені. Ал білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдерімен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазіргі білім беру жүйелері ғылымға, ғылыми жетістіктерге негізделген және өзіндік күрделі әлеуметтік құбылыс болып табылады. Білім беру жүйелері ұлттық, аймақтық,

континенталдық, жаһандық және әлемдік болуы мүмкін. Қазіргі білім беру жүйесі ұлттық-мемлекеттік, аймақтық болып бөлінеді. Әзірге әлемдік білім беру жүйесі жоқ, бірақ оған көптеген әлем елдері ұмтылуда. КСРО-дағы білім беру жүйесі аймақтық болып табылады. Кеңестік білім беру жүйесі немістік білім беру жүйесімен байланысты. Қазіргі әлемде англосаксондық, американдық білім беру жүйесі кеңінен таралған. Білім берудің еуропалық жүйесі де кеңінен таралып, дамыған өзгермелі жүйе болып табылады. Жапония, Қытай, Корея (оңтүстік) сияқты Азия елдерінде өзіндік ұлттық білім беру жүйесі бар. Олардың барлығы ұлттық білім беру жүйесі ретінде сипатталады. Әр елде әлемдік білім жетістіктеріне, ұлттық-мемлекеттік ерекшелігіне, халықтың менталитетіне сай білім беру жүйесі бар. Білім берудің ұлттық стандарттары ғылым жетістіктеріне, жоғарғы әдістемелерге, ұлттық мәдени ерекшелікке, дәстүрлерге, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлеріне негізделі оқытылады. Білім берудің ұлттық стандарттары мемлекеттік органдар арқылы жасақталады және біртұтас құжаттар кешені болып келеді. Білім беру стандартының негізі жалпы бұқара халық пен барлық білім беру мекемелерінің қатысуы арқылы жүргізілетін мемлекетпен қабылданатын білім беру реформалары табылады. Білім стандарттарының басты құжаты “Білім туралы Заң”. Көптеген елдер қабылдаған түрлі өзгеріске ұшырап отыратын, аймақтық білім беру жүйесі де бар. Мысалы, Еуропалық білім беру жүйесі. Бірақ Еуропалық білім беру жүйесі толық қалыптаспаған деп айтуға болады. Еуропарламент және біріккен Еуропалық өзге ұйымдары осындай аймақтық, ұлттық білім беру жүйесін құруға кірісуде. Бұл туралы (1999 ж.) Лиссабон, (2004 ж.) Болондық декларациялар дәлел бола алады. Мәні бойынша ұлттық білім беру жүйелері бір-біріне жақын, әсіресе, жоғары білім және бұл елдерге ортақ білім беру жүйесінде қиындық тудырмайды. Америкалық білім жүйесі Еуропалықтан ерекшеленеді. Бірақ бұл жүйе негізінде осы жүйені қалыптастырушылар еуропалықтар болғандықтан, еуропалық (ағылшындық) құндылықтар жатады. Америкалық білім беру жүйесі, әсіресе, жоғары білім қазіргі кезде афро-азиаттық, еуропалық жүйеге әсер етуде және оның көптеген принциптері әлемнің бірқатар елдерінде енгізілуде.

Ресейдің өзіндік білім беру жүйесі бар. Бұл жүйе КСРО-дан мұра болып қалған, бірақ бұнда уақыт талабына сай келетін білім берудің жаңартылған жүйесін құруға бағытталған жаңа реформа басталды. Ресей еуропалық, америкалық немесе англосаксондық білім беру жүйесінің ең үздіктерін қабылдауда. Бірақ ол өзіндік ұлттық білім беру жүйесін құруға бағытталған.

Қазақстан Республикасында жаңа білім заңы 2007 жылы қабылданды. Білім беру ұзақ мерзімді «Қазақстан - 2030» Стратегиясының негізгі приоритеттерінің бірі болып отыр. Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделуі болып табылады. Қазақстан Президенті әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына республиканы кіргізу туралы мақсат қойған болатын. Осы мақсатты жүзеге асыруда білім беру жүйесін дамыту маңызды роль атқарады.

Жаңа мақсаттарды шешу үшін Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан балалары» бағдарламасы секілді бірқатар бағдарламалық құжаттар мен нормативті актілер қабылданды.

Осы құжаттарда және басқа да Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында реформалар негіздері анықталған және республикадағы жаңа білім беру жүйесі нақтыланады. Бұл жаңа жүйе мектеп табалдырығынан бастап, ЖОО-дан кейінгі білім беру деңгейлеріне дейінгі барлық сатыларын қамтиды. “Бұл Бағдарламаның жасақталуы білім сапасын арттыруға, жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда білім беру жүйесі алдында тұрған стратегиялық міндеттерді шешуге, сапасын арттыру бағытталған түбегейлі өзгерістер қажеттілігінен туындады” [2].

Жаңа реформа жағдайында Қазақстандық білім беру жүйесі американо-еуропалық стандартқа жақындап келеді. Бірақ аталған стандартпен толық сәйкес келуі мүмкін емес. Реформада Қазақстанның ұлттық ерекшеліктері мен тарихи тәжірибелері ескерілген.

Бірақ реформадағы бағыттардың көпшілігі жаңа деуге болады. Мысалы, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу, бастауыш және орта кәсіби білім беру жүйесін жаңадан құру. Жоғары білім беру құрылымына да көптеген жаңалықтар енгізілуде. ЖОО-да бакалавриат, магистратура жұмыс істеуде. Бұдан арғы ЖОО-дағы және ЖОО-дан кейінгі білім беру бакалавриат-магистратура-докторантура моделі бойынша жүргізіледі. ЖОО-дан кейінгі білімге және ЖОО-ны бітірген мамандардың біліктілігін көтеру жүйесіне ерекше назар аударылған. Білім беру реформасының ортасында, жоғарыда айтқанымыздай, білім сапасы тұр. Білімнің басты мақсаты тұлғаның біртұтас әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыру, жоғары технологиялық өндірісте табысты жұмыс істей алатын, адамдарды басқара алатын, әлеуметтік, саяси процестерді халықтың, қоғамның қажеттілігіне қарай ұйымдастыра алатын кәсіби мамандарды даярлау болып табылады. Реформада білім сапасын бақылау мен тексеруге де көңіл бөлінген. Басты құжатта қазіргі Қазақстандағы білім беру жүйесіне талдау жасалынып, кемшіліктері мен олардың себептері көрсетіледі. Болашақта білім процесінде оқытындардың өздігінен білім алуына басты екіпін қойылады. Реформада пәндік білімге негізделген ескірген әдістемелік базадан алшақтап, оқытудың жаңа әдістемелік базасын іздестіруді міндет етіп қояды. 2008 жылы Қазақстан Болон процесі деп аталатын еуропалық оқу жүйесі туралы құжатқа қол қойды және университеттердің хартиясына қол қоюға біраз Қазақстанның ЖОО-ы қатысуда. Сонымен біз еуропалық, америкалық стандартқа жақындай бастадық.

2-тармақша үлгілері мен түрлеріне қарамастан, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары:

- 1) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;
- 2) Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары;
- 3) Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 4) Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 5) Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 6) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 7) Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 8) Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 9) Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 10) Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 11) Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары болып бірнеше топқа бөлінеді.

4-тармақша білім беру қызметінің субъектілері бірлестіктерінің жиынтығын білдіреді. Білім беру – міндетті екі субъектісі – мұғалім және білім алушы, яғни оқытушы және оқушы бар, ұйымдастырылған процесс. Осы субъектілер болмаса білім беру процесі болмайды. Білім беру процесі әлеуметтік тәжірибе немесе өткен ұрпақтың қалдырған білімге, нақты материалдарға негізделген, мақсатқа бағытталған процесс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Нечаев В.Я. Социология образования. - М.: Изд-во МГУ, 1992. - С.76
2. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2004. – 52 б.